- требуется разработка и внедрение технологий поверхностного и коренного улучшения травостоя, обеспечивающих экологическую устойчивость мелиоративных агроландшафтов и высокую урожайность сенокосов с малыми затратами энергетических ресурсов;

- лиманное орошение естественного травостоя в Западном Казахстане необходимо организовывать на луговых и лугово-каштановых почвах при разных гидрогеологических условиях.

Список литературы

1. Айдаров, И.П. Экологические основы мелиорации земель // Природообустройство. – М., 2012. – № 3. – С. 10-16.
2. Ахмеденов К.М. Эколого-хозяйственный баланс степного землеустройства Западно-Казахстанской области / Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2008. – №3(19). – С. 15-18.
3. Варламов А.А. Экология и использование земель // Сельское хозяйство. – М.: Знание. – 1991. – №12.
4. Вьюрков В. Землям Приуралья – рациональное использование / В. Вьюрков, С. Нургалиев // Земельные ресурсы Казахстана. – 2013. – №1. – С. 27-31.
5. Онаев М.К. Лиманное орошение в Западно-Казахстанской области. – Уральск, 2011. – 110 с.
6. Онаев, М.К. Экологические проблемы лиманов Западно-Казахстанской области. – Уральск: 2008. – 62 с.
7. Фетисов, И.М. Повышение продуктивности пойменных и лиманных лугов Чижино-Дюринских разливов Западно-Казахстанской области / И.М. Фетисов, Р.Ж. Кожагалиева // Информ. листок. – Уральск: Зап.-Казахст. ЦНТИ, 2007. – № 2. – 2 с.

Получено 07.02.2020

MFTAA 52.47.27

К.А. Ихсанов, Г.Е. Калешева, К.Ж. Губайдуллин, А.В. Ким

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

ЖОҒАРЫ ТҰТҚЫРЛЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ КЕЗІНДЕ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ГИДРОСОҚҚЫЛЫ ҚОНДЫРҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ

Мақалада жоғары тұтқырлы мұнай мен ауыр битумды дәстүрлі мұнайға балама ретінде қараймыз. Түрлі бағалаулар бойынша олардың қорлары төмен және орташа тұтқырлықтағы қалған мұнай қорларынан асып түседі. Осыған байланысты өндірісті ынталандыруға бағытталған технологияларды енгізу қағидаларын ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ өндірісті ұлғайту үшін жоғары тұтқырлықтағы мұнай қабатына әсер ету үшін құрылғыны жобалауды жетілдіру маңызды міндет болып табылады.

В статье высоковязкие нефти и тяжелые битумы рассматриваются как альтернатива традиционной нефти. По разным оценкам их запасы превышают остаточные извлекаемые запасы нефти малой и средней вязкости. В связи с этим научное обоснование принципов реализации технологий, направленных на стимулирование добычи, а также усовершенствование конструкции устройства для воздействия на пласты высоковязких нефтей с целью увеличения добычи является актуальной задачей.

Heavy crude oil and natural bitumen in many countries are viewed as an alternative to conventional oil. According to different estimates, heavy crude oil reserves exceed the remaining recoverable oil reserves with low and medium viscosity. In this regard, data-based assessment research becomes urgent in developing technologies that can help stimulate heavy crude oil production.

Түйін сөздер: Кенорны, ұңғыма, түп маңы аймағы, ұңғыманың өнімділігі, гидросоққылы қондырғы, пульсатор.

Қазіргі кездегі мұнай өндірудің әлемдік құрылымындағы негізгі ерекшелік, шикізат ресурстары қорындағы алынуы қиын мұнай қорлары мөлшерінің артуы, оларға негізінен ауыр және тұтқырлығы 30 МПа астам болатын жоғары тұтқырлы мұнайлар жатады. Тұтқырлық көрсеткіші бұл мөлшерден асқан кезде мұнай өндіруде біраз қиындықтар туындайды. Жоғары тұтқырлы мұнайлар температураның нақты бір аралығында «ньютондық емес» қасиеттерге ие болады және оны есепке алмаса ұңғымаларды тиімді пайдалану, мұнайды жинау, дайындау және тасымалдау мүмкін болмайды.

Мұндай көмірсутектер қорлары аз тұтқырлы және жеңіл көмірсутектер қорларымен салыстырғанда едәуір дәрежеде артық және мамандардың бағалауы бойынша олардың қоры 1 трлн т-дан асып түседі. Өнеркәсіп дамыған елдерде олар мұнай өндіру резервтері түрінде емес, керісінше жақын жылдардағы мұнай өндіруді дамытудың негізгі базасы ретінде қарастырылады.

Қазақстанда өндірілуі қиын мұнай қорлары көбеюде, олардың жалпы көлемі 720 млн т құрайды. Қазақстанда негізгі ауыр мұнай кен орындарының шоғыры Батыс Қазақстанда, Маңғышлақтағы Бозашы түбегінде орналасқан, онда 30-ға жуық жоғары парафинді мұнай кен орындары ашылған. Олардың ішінде кәсіпшілік игерудегі Өзен, Жетібай, Солтүстік Бозашы, Қаражанбас, Қаламқас, сонымен қатар Ақтөбе облысында орналасқан Кенкияқ жоғарытұтқырлықты мұнай кен орындары бар [1].

Өткізгіштігі төмен коллекторға (ӨТК) орналасқан жоғарытұтқырлықты мұнай қорларын игеру тиімділігін арттырудың маңызы зор. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу және кәсіптік-тәжірибе жұмыстары мұнай өндіру және айдау ұңғымаларының түп маңы мен мұнай қабатының алыс аймағына әсер ететін жаңа технологияны жасақтау мен қолдануға бағытталған. Міндеттер тиімді технологияны таңдап алу және іс жүзінде қолдану арқылы қабатқа әсер етудегі шығынды азайтуға және төменгі тиімділікті немесе тиімсіз ұңғымаларды тиімді қатарына ауыстыруға бағытталған.

Айдау және өндіру ұңғымаларының жұмыс істеу үдерісінде ұңғыманың түп аймағында (ҰТА) жыныстардың өткізгіштігі төмендейді, ол әсіресе өткізгіштігі төмен коллекторлар үшін ерекше сипатта болады. Оның негізгі себептерінің бірі – қабатқа бастыру немесе жуу сұйықтарының енуі, тұщы сумен қаныққан саз бөлшектерінің ісінуі, су-мұнай эмульсияларының түзілуі, термобарлық

жағдайлар өзгерген кезде мұнайдағы асфалттышайырлыпарафинді тұнбалардың шөгуі мен мұнаймен бірге ілесіп шығатын судағы тұздардың тұнбаға түсуі мен шөгуі, ұңғыма түп аймағында механикалық қоспалар мен металдардың тоттану қалдықтарының жиналуы, ұңғымаларды құрастыру және пайдалану кезінде гидродинамикалық әсерінен тау жыныстарының тығыздалуы, қабат қысымының төмендеуі кезінде жарықтардың жабылуы.

Көрсетілген процестердің нәтижесінде кольматация аймағынан қабаттың тиімді қалыңдығы жалпы алынған қабаттың 30-дан 80 %-ға дейін көлемін құрайды. Осы жағдайда мұнайдың қалдық қорларын игеру, жаңа технологияларды қолдануды және қосымша капитал жұмсауды қажет етеді.

Ұңғыма түп аймағына физикалық-химиялық әсер етудің тиімділігін арттыру кешенді технологияны енгізумен жүзеге асырылады.

Мұнай өндіруді қарқындалту және қабаттың мұнайбергіштігін арттырудың қышқылды әдістерін қолдану шоғырларды игерудің бастапқы және сусыз сатыларында жоғары тиімділікті береді.

Физикалық-механикалық әдістердің негізгі мақсаты – сүзбелену каналдарды бітейтін заттардан тазарту немесе жаңа сүзбелену каналдарын қалыптастыру болып табылады. Оларға, ұңғымада ағынды сораптарды қолдану, ұңғыма түбіне вибросокқылы әсер ету мен қабатты құрғатуларды жатқызуға болады.

Төменгі өткізгіштікті кеніштерге әсер ететін геологиялық-техникалық шаралардың (ГТШ) тиімділігін арттыру қабатқа әсер ететін қарқындалту факторлар құрамына өте байланысты болады. Бұл бағытта, қабатқа әсер ететін физикалық-химиялық, жылулық және гидродинамикалық факторлар құрамынан тұратын кешенді технологияларды қолдану ең тиімді болып саналады.

Өткізгішті төмен қабаттарда сұйық ағысын жеделдету әдістерінің негізгі перспективті бағыттарына, қабатқа химиялық және жылулық факторлар мен бірге гидроимпульсты әсер етудің интеграциялары (бірігуі) болып табылады. Төмен өткізгіштік қабатқа, қабатты жару сұйығы ретінде қышқыл ертіндісін айдаумен қатар, бірнеше рет қайталанатын гидросокқыларды қолдану жарықтардың ашылуы мен тереңдігін бірте-бірте өсіріп отырады, соның салдарынан өткізгішті төмен қабатқа қышқыл ертіндісінің енуі жеңілдейді.


Клапанды түрдегі пульсаторлар төмен жиілікте (0,5-тен 30 Гц дейін) және жоғары амплитудада (20 МПа дейін) гидросокқылы импульстарды қалыптастыруға мүмкіншілік беретіндігі белгілі. Онан басқа, сұйықты ортада орналасқан қондырғыдан сұйық ағысы мезгіл-мезгіл аққан кезде, сұйықты ортада тербелмелі үдерістер пайда болады.

Осыған байланысты берілетін сұйықтықтың ағысын өзгертуге мүмкіндік бере отырып пульсациялық жұмыс режимде және пульсациясыз тікелей жуып шаюды жүзеге асыруға болады, сонымен қатар өңдеуден кейін жуу үшін сұйықтықтың кері қарай еркін өтуін қамтамасыз ететін клапан түріндегі пульсатор қондырғысының (1-сурет) тәжірибелі үлгісі жасалынуы керек. Сонымен қатар қондырғы конструктивті өзгерістер (серіппені сығу) арқылы қалыптасқан пульсациялардың амплитудасын өзгертеді [2].

Пульсатордың құрылысы 1-суретте көрсетілген: 1 корпус, 2 поршень мен 3 шток, 4 серіппеге негізделген, оның әсері іші бос 5 гайкамен реттеледі. 1 корпус сұйықтықты өткізетін 6 тесіктерден (саңылаулардан) және 7 поршень астындағы каналдардан тұрады.

Шток 3 ішкі бөлігі бос каналмен 7 бірінен соң бірі қосылуға мүмкіншілігі бар екі қатарлы 8 және 9 радиалды тесіктерден жасалынған. Поршеньде 2, поршень үстіндегі 11 және поршень астыдағы 12 қуыстарды қосатын дроссельді тесіктері 10 бар.

Жұмысшы сұйықтығының шығыны аз болған (1 л/с кем) кезде дроссельді тесіктердегі 10 қысым азайғанда серіппе 4 қысуға және канал 7 мен радиалды тесіктер 9 арасындағы байланысты үзуге мүмкіндік бермейтіндей етіп дроссельді тесіктер 10 және серіппе 4 таңдап алынған. Осы кезде жұмысшы сұйықтық СКҚ арқылы поршень үстіндегі қуысқа және дроссельді тесіктермен 10 поршень астындағы қуысқа 12 ағып келеді, онан ол каналдар 7, сұйықтықты өткізетін тесіктерден 6, штоктың өстік қуысы 3 және қуысты гайка 5 арқылы пульсациялық емес режимде құбыраралық кеңістікке келеді.



1-сурет – Соққылы пульсатор құрылғысы:

Дроссельді тесіктердегі 10 қысым айырмашылығының артуына байланысты жұмысшы сұйықтың шығыны өсуі кезінде поршень үстіндегі қуыста 11 қысым жоғарлайды және поршень 2 шток 3 арқылы серіппені сығады 4. Осы кезде радиалды тесіктер 9 поршень астындағы каналдан 7 ажыратылады және гайка 5 мен қуысты шток 3 арқылы ағатын жұмысшы сұйықтың ағысы тоқтайды, ал қысым (гайка 5 көмегімен серіппенің 4 сығылуымен анықталатын) жұмысшы мәнге дейін артады.

Сұйықты шығару тесіктерінің 6 ашылуы алдында поршень 2 қозғалғанда, радиалды тесіктермен 8 канал 7 қосылады, және оған сәйкес поршень астындағы қуыста 12 қысымның азаюы байқалады. Дроссельді тесіктердегі 10 пайда болған қысым айырмашылығына байланысты, поршень 2 қосымша күш импульсын алады және оның әсерінен сұйықты шығаратын тесіктер 6 тез ашылады.

Құбыраралық кеңістікке жұмысшы сұйықтық импульсті лақтырылады және ұңғыманың атқылау аралығы аймағында қабатқа таратылатын жоғары амплитудалы қысымы бар гидросоққылы толқын пайда болады.

Жұмысшы сұйықтық поршень үстіндегі қуысқа лақтырылғаннан кейін қысым азаяды және поршень, серіппе әсерінен кіретін саңылауларды жабады, соның нәтижесінде поршень үстіндегі қуыста қысым қайтадан жұмысшы мәнге дейін артады. Құбыраралық кеңістікке жұмысшы сұйықтық қысымының лақтырылуы қайталанады, ал қабаттағы кеуекті және сұйықтық ортадағы құбыраралық кеңістікте микрожарықшалар тораптарының пайда болуына ықпал ететін тербелмелі үрдіс қалыптасады.

Пульсатордың жұмыс жасау принципінің жазылуынан шекаралық жағдайларды есепке ала отырып, пульсатордағы қысым айырмашылығының азаюы әсерінен дросселдеу эффектісінен поршеннің ығысуы пайда болады және серіппе қатайды сондықтан берілген пульсатордың математикалық моделі жасалады. Одан әрі, жұмыс сұйығының шығыны мен пульсация қысымының арасындағы теориялық байланыстылық алынады.

Соққылы пульсатор құрылғысының жұмыс ерекшелігін толық зерттеу мақсатында нақты жағдайларға жақындатып зерттеу және сынау циклдарын жүргізу жасалынған. Сыналатын құрылғы жұмысының сенімділігін теориялық зерттеулер мен есептер көрсеткен, сонымен қатар шығыс параметрлері: пульсация амплитудасы 5-7 МПа сұйықтықтың шығыны 7 л/с және жиілігі 0,5-0,6 Гц болғанда, талдау барысында келесі көрсеткіштер нәтижелерін көруге болады:

– құбыраралық кеңістікте қысым импульстарының қарқынды артулары байқалады;

– құбыраралық кеңістікте жиілігі 1 Гц және амплитудасы 10 МПа болған жағдайда қысым өзгеруінің аралығында жиілігі шамамен 15-20 Гц және амплитудасы 5-6 МПа импульстар байқалады.

Қабатқа химиялық реагенттерді импульсты режимді қолданып айдау, сүзбелену жолдарының қосымша кеңейуіне мүмкіндік береді.

Төменгі өткізгішті қабатқа әсер ететін ең тиімді әдістердің бірі болып гидросоққылы қондырғымен (пульсатормен) бірге арынды сораптың тандемді жиынтығын қолдану болып саналады.

Қабаттағы депрессия жағдайы кезінде серпімді тербелістер (гидросоққылар) фазалардың – су, мұнай немесе газ жауып қалу әсерінің азаюына, сұйықтың сүзбелену жылдамдығының артуына, ұңғымаға кольматация материалының құюылуына мүмкіндік береді, соның әсерінен ұңғыма түп маңындағы (ҰТМ) өткізгіштіктің қалпына келуі арқылы ағынның профилі тегістеледі және бұрын-соңды игеруге ілікпеген немесе ластанған қабатшалар жұмысқа қосылады.

Қалыпты қысым импульстары берілген конструктивтік сипаттамаларында орташа амплитудасы 0,9 МПа және жиілігі 0,01 Гц көрсетіп, ҰТМ-да гидросоққы үрдістерін туғызады. Аталған технология бойынша жасалатын жұмыстар ұңғыманы күрделі жөндеуді қосымша материалдық шығындарсыз жүргізуге мүмкіндік береді [2].

Жоғарыдағы талдаулар негізінде келесідей қорытынды жасауға болады, төменгі өткізгіштікті қабаттарға тиімді әсер ету үшін химиялық, физикалық-механикалық, физикалық және басқа факторларды біріктіретін технологиялар кешенін қалыптастыру қажет, ол жоғарыда көрсетілген қабаттар жағдайында қабаттағы флюидтердің сүзілуіне және оны толық көлемде өндіруге мүмкіндік жасайды.

Қабатқа импульсты әсер ету технологиясын зерттеу келесі мәселелерді анықтауға, импульсті пульсатордың математикалық моделін құруға, берілген параметрлер кезінде сәйкесті көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қабаттың төменгі өткізгіштігіне тиімді әсер ететін химиялық, физико-математикалық және т.б. факторларды ескеріп кешенді технология жасақтау қажет екендігі ұсынылады. Гидросоққылы қондырғыны жаңарту, жоғары тұтқырлы мұнай өндіруші ұңғымалардың өнімділігін 10-15 % арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Надиров Н.К., Дальян И.Б. Нефтебитуминовые породы и тяжелые нефти в Западном Казахстане образование и методика поиска // Нефть и газ. – 2005. – №1. – С. 3-12.
2. Ткачев Д.В., Гавриленко А.И., Родионов В.И. Разработка и применение струйных аппаратов новых конструкций для освоения скважин и интенсификации притока // Поиски и освоение нефтяных ресурсов Республики Беларусь: сб. науч. тр. – Гомель: БелНИПИнефть, 2010. – Вып. 7. – С. 174-179.
3. Ихсанов К.А. Перспективность развития нефтегазового комплекса Северо-Западной части Прикаспийской впадины: Матер. междунар. практ. конф. «Наука и качественное образование – основа индустриализации и инновационного развития Казахстана» посв. 20-летию Независимости Республики Казахстан. – Уральск: ЗКИТУ, 2011. – С 78-82.
4. Гавриленко А.И. Технология депрессионно-импульсного воздействия с использованием тандемной компоновки скважинного оборудования // Бурение и нефть. – 2008. – № 2. – С. 34-36.

5. Калешева Г.Е., Ихсанова С.А. Новые средства добычи нефти: Материалы межд. науч.-практ. конф. «Индустриально-инновационная политика: состояние и перспективы развития». – Уралск: ЗКАТУ, 2006. – С.12-14.
6. Калешева Г.Е. Об изучении и использовании высоковязких нефтей и природных битумов: Матер. науч. журн. «Вестник Атырауского института нефти и газа». – Атырау: АИНГ, 2010. – С. 61-62.
7. Калешева Г.Е. Закономерности формирования и распространения тяжелых битумов в солянокупольных областях: Материалы межд. науч.-практ. конф. «Индустриально-инновационная политика: состояние и перспективы развития». – Уралск: ЗКАТУ, 2006. – С.12-14.
8. Калешева Г.Е. Закономерность распространения нефтебитуминозных пород и высоковязких нефтей в Западно-Казахстанских областях // Молодой ученый. – Казань, 2014. – №4 (63). – С. 413-441.
9. Калешева Г.Е. Закономерность распространения формирования расположения, выявления и освоения месторождений тяжелых битумов в солянокупольных областях // Молодой ученый. – Казань, 2014. – №4 (63). – С. 413-441.
10. Молчанов А.Г. Машины и оборудование для добычи нефти и газа. – М.: Альянс, 2013. – 588 с.
11. Тагиров К.М. Эксплуатация нефтяных и газовых скважин / К.М. Тагиров. – М.: Academia, 2012. – 336 с.
12. Малофеев Г.Е. Мирсаетов О.М., Чоловская И.Д.; Нагнетание в пласт теплоносителей для интенсификации добычи нефти и увеличения нефтеотдачи / НИЦ «Регулярная и хаотическая динамика» Ин-т компьютерных исследований. – Москва, 2008. – 224 с.

Қабылданды 07.02.2020

МРНТИ 75.31.19

В.П. Колпакова, Ю.Н. Еремеева, С.Б. Анапьянова

Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск

МЕРОПРИЯТИЯ ПО ВОДОСБЕРЕЖЕНИЮ И РЕЦИРКУЛЯЦИИ ВОДЫ НА ПРИМЕРЕ ВКГТУ ИМ. Д. СЕРИКБАЕВА

Мероприятия по водосбережению и рециркуляции воды являются актуальными в современных условиях, когда наблюдается дефицит водных ресурсов во всем мире. В статье рассмотрены мероприятия по водосбережению и рециркуляции воды при реализации проекта «Green Campus» в ВКГТУ им. Д. Серикбаева.

Su ünemdeu және суды рециркуляциялау жөніндегі іс-шаралар әлемде су ресурстарының тапшылығы байқалатын қазіргі заманғы жағдайларда өзекті болып табылады. Мақалада Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-да «Green Campus» жобасын іске асыру кезінде суды үнемдеу және суды рециркуляциялау жөніндегі іс-шаралар қарастырылған.

Measures for water conservation and water recycling are relevant in modern conditions, when there is a shortage of water resources around the world. The article deals with measures for water conservation and water recycling in the implementation of the project «Green Campus» in EKSTU. D. Serikbayeva.

Ключевые слова: *потери воды, водоразборный прибор, приемник сточных вод, бесконтактный смеситель, водосбережение, ливневые сточные воды, очистка поверхностных сточных вод, рециркуляция вод, Green Campus.*

ВКГТУ им. Д. Серикбаева в настоящее время реализует проект «Green Campus», включающий программы по водосбережению и рециркуляции воды. Разработка программы по водосбережению проводилась в двух направлениях: использование водозэффективных санитарно-технических приборов и проектирование системы водосбора атмосферных осадков с поверхностей кровли для полива прилегающих зеленых насаждений.

Для осуществления программы по водосбережению в первом направлении в санузлах главного корпуса ВКГТУ (корпус ГЗ) было частично заменено традиционное санитарно-техническое обо-

рудование на современное: умывальники с датчиками для включения воды; датчики протечек под мойками (при обнаружении протечки автоматика перекрывает воду); аэраторы на смесителях для уменьшения расхода воды; экономичные бачки для смыва в туалетах (с двухрежимным механизмом смыва).

Таким образом, установка водозэффективных санитарно-технических приборов позволит сократить расход воды в периоды, когда она течёт впустую и когда есть возможность обойтись меньшим её количеством. Для осуществления программы по водосбережению по второму направлению был определен расчетный расход дождевых вод (Q , л/с) для кровель с уклоном до 1,5 % по формуле:

$$Q_{расч} = F \times q_{20} / 10000, \quad (1)$$

где F – водосборная площадь, м²; q_{20} – интенсивность дождя, л/с, с 1 га (для данной местности), продолжительностью 20 мин при периоде однократного превышения расчетной интенсивности, равной 1 году (принимается согласно [1]), $q_{20} = 80$ л/с.

Расчетный расход поверхностных сточных вод с кровель главного корпуса ВКГТУ приведен в табл. 1. Для определения диаметров стояков (наружных водостоков) со скатной кровли по формулам (2)-(3) были проведены расчеты критического расхода, л/с:

$$Q_{кр} = \sqrt{H/S_0}, \quad (2)$$

где H – располагаемый напор, м; S – полное сопротивление системы, м×с²/л², и полного (суммарного) сопротивления системы:

$$S_0 = Al + A_m \sum \xi, \quad (3)$$

где A – удельное сопротивление трения; l – длина трубопровода, м; A_m – удельное местное сопротивление трения; $\sum \xi$ – сумма коэффициентов местных сопротивлений в системе (включая вход в воронку и выпуск).

Таблица 1

Расчетный расход поверхностных сточных вод с кровель главного корпуса ВКГТУ

Наименование корпусов	Площадь корпусов, м ²		Расход, л/с	
	общая	1/2	общий	1/2
Корпус Г1	3178	1589	25,42	12,71
Корпус Г2	1452	726	11,62	5,81
Корпус Г3	1580	790	12,64	6,32
Библиотека с переходом	1753	877	14,02	7,01
Аквариум	1624	812	12,99	6,50
Лабораторный	2639	1320	21,11	10,56
Переход в лабораторный	381	-	3,05	-
Итого	12600	6300	100,85	48,91

Диаметры стояков (наружных водостоков) со скатной кровли, согласно расчетов, составили 100 мм. Отвод поверхностных сточных вод с кровли запроектирован с помощью пластиковых водосточных систем. Вода с кровли собирается в емкость для полива прилегающих зеленых насаждений.

План-схема расположения стояков наружной системы водосбора атмосферных осадков с поверхностей кровли главного корпуса ВКГТУ приведена на рис. 1.




Рисунок 1 – План-схема расположения стояков наружной системы водосбора атмосферных осадков

Таким образом, реализация программы по водосбережению позволит сократить потребление воды питьевого качества для нужд полива прилегающих зеленых насаждений и приведет к сокращению потребления «неэффективного» расходования воды во внутренней системе водоснабжения на хозяйственно-бытовые нужды сотрудников и студентов университета.

Программа по рециркуляции воды предусматривает сбор и очистку поверхностных сточных вод с территории парковки перед главным корпусом ВКГТУ. При разработке данной программы были произведены: расчет поверхностных сточных вод с территории парковки; расчет трубной (лотковой) сборно-распределительной системы для организации сбора и подачи атмосферной воды; расчет и подбор оборудования для очистки, аккумулирования и подачи атмосферных вод на полив зеленых насаждений; разработана схема очистных сооружений поверхностных вод.

Расход дождевых вод определялся по формуле:

$$q_r = \frac{Z_{mid} A^{1,2} F}{t_r^{1,2n-0,1}},$$

где Z_{mid} – среднее значение коэффициента, характеризующего поверхность бассейна стока (0,3), согласно п. 5.4.7 /1/; A (427,94), n (0,48) – параметры, согласно п.5.4.2 /1/; F (0,3 га) – расчетная площадь стока; t_r (12 мин) – расчетная продолжительность дождя, равная продолжительности протекания поверхностных вод по поверхности и трубам до расчетного участка.

Общая площадка парковки разделена на две части по сбору воды F_1 и F_2 с учетом уклона поверхности площадок к сборным лоткам. Расходы дождевых вод с площадки F_1 составляет q_{r1} , с площадки F_2 составляет q_{r2} . По таблице 5.22 пункт 5.11 /1/ минимальный уклон проезжей части при асфальтобетонном покрытии составляет 0,003. Конструктивные размеры сборных отводных лотков определены в зависимости от расчетного расхода дождевых вод с площадок сбора воды F_1 и F_2 по требованиям /3/. Приняты прямоугольные лотки размером ($b \times h$) 300x300 мм. Схема сборных лотков на парковке перед главным корпусом и расположение очистных сооружений представлены на рис. 2. Расчеты сведены в табл. 2.



Рисунок 2 – Схема сборных лотков на парковке перед главным корпусом и расположение очистных сооружений

Таблица 2

Расчет водоотводных лотков

Площадь сбора, га		Расход воды, л/с		Размер лотка для площадок, мм		Скорость, м/с		Наполнение в долях b		Высота слоя воды, м	
F_1	F_2	q_{r1}	q_{r2}	F_1	F_2	V_1	V_2	h_1 к b	h_2 к b	h_1	h_2
0,19	0,11	24	13	300х300	250х250	0,66	0,55	0,42	0,40	0,13	0,08

Схема очистных сооружений поверхностных вод разработана с учетом их качественной и количественной характеристик, требуемой степени очистки, принятой схемы сбора и регулирования (п.5.1.11 /1/) и представлена на рис. 3.




Рисунок 3 – Схема очистки поверхностных сточных вод для полива

Реализация программы по рециркуляции через технологические решения, принятые в проекте позволит:

1. Эффективно решить проблему очистки от самых сложных загрязнений – нефтепродуктов.
2. Решить вопросы по экономии средств, идущих на расход воды питьевого качества из системы водоснабжения университета для полива зеленых насаждений.

Список литературы

1. СН РК 4.01-03-2011. Водоотведение. Наружные сети и сооружения: С изм. и доп. по состоянию на 07.11.2019 г.
2. СП РК 2.04-01-2017. Строительная климатология: С изм. и доп. по состоянию от 01.04.2019 г.
3. Лукиных А.А., Лукиных Н.А. Таблицы для гидравлического расчета канализационных сетей и дюкеров по формуле Н.Н. Павловского: Справочное пособие. – 4-е изд., доп. – М.: Стройиздат, 1974. 156 с.
4. Тугай А.М., Ивченко В.Д., Кулик В.И. Внутренние системы водоснабжения и водоотведения. Проектирование: Справочник / Под ред. А.М. Тугая. – Киев: Будівельник, 1982. – 256 с.

Получено 07.02.2020

МРНТИ 52.13.04

М.Е. Рахымбердина¹, Б.Б. Амралинова¹, М.М. Тогузова¹, Д.К. Касымов¹, М.К. Токтарбаева²

¹Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева,
г. Усть-Каменогорск

²Дочернее товарищество с ограниченной ответственностью «Горнорудное предприятие
BAURGOLD», Восточно-Казахстанская область, с. Секисовка

**ИЗУЧЕНИЕ ОСАДКОВ И СМЕЩЕНИЙ ХВОСТОХРАНИЛИЩА И КАРЬЕРА МЕСТОРОЖДЕНИЯ «СЕКИСОВСКОЕ»
КАК ОСНОВА ДЛЯ ПОСЛЕДУЮЩЕГО ПРОГНОЗИРОВАНИЯ ДЕФОРМАЦИЙ**

В статье рассматриваются вертикальные осадки и горизонтальные смещения горнотехнических объектов горнорудного предприятия – карьера и хвостохранилища, кратко приведены результаты маркшейдерско-геодезического контроля, точность выполнения которого определяет будущее состояние прогноза деформаций.

Мақалада тау-кен өндірісінің тау-кен кәсіпорындарының – карьер мен қалдық қоймалардың келденең жылжуы мен тік жылжуы қарастырылады, маркшейдерлік-геодезиялық бақылау нәтижелері қысқаша көрсетілген, олардың орындау дәлдігі болашақ деформацияны болжау күйін анықтайды.

This article discusses the vertical precipitation and horizontal displacement of mining facilities of the mining enterprise – quarry and tailings, briefly presents the results of surveying and geodetic control, the accuracy of which determines the future state prediction of deformations.

Ключевые слова: маркшейдерско-геодезический контроль, карьер, хвостохранилище, деформация, точность измерений

Объектом изучения деформаций для последующего их прогнозирования являются важные горнотехнические сооружения – хвостохранилище и карьер месторождения. Все изучаемые виды деформаций выражаются через линейные вертикальные и горизонтальные перемещения наблюдаемой контрольно-измерительной аппаратуры, заложенной в характерных местах так, чтобы по значениям перемещений можно было вычислить любой необходимый конкретный вид деформации.

Поскольку прогнозирование производится на основе результатов маркшейдерско-геодезических наблюдений за деформациями статистическим методом прогнозной экстраполяции и может выполняться с помощью кинематических или динамических моделей, то исходные геодезические данные должны обладать предельной точностью и полнотой, чтобы не исказить картину прогноза [1].

На предприятии была разработана программа производства наблюдений за смещениями и осадкой контрольно-измерительной аппаратуры (КИА), согласно которой должны соблюдаться режим и порядок выполнения наблюдений. В соответствии с программой периодичность наблюдений за деформациями хвостового хозяйства составляет 2 раза в месяц, для наблюдений за створами карьера – 1 раз в месяц. На рис. 1 представлены основные этапы программы наблюдений.




Рисунок 1 – Состав программы наблюдений за деформациями

Такой порядок определен с учетом характера грунта на участках данного месторождения. Хвостохранилище по принципу и условиям накопления хвостов относится к наливным. Основание тела дамбы сложено суглинками в твердом состоянии. Крутизна откосов дамб назначена исходя из условия их устойчивости [2]. На рис. 2 представлена схема расположения наблюдаемых марок хвостохранилища.




Рисунок 2 – Схема расположения марок хвостохранилища

Отметим ситуацию с грунтами по карьерному участку: прочность всех типов горных пород по изучаемому месторождению характеризуется высокими средними значениями показателей прочности при одноосном растяжении и сжатии. К числу пород, характеризующихся наиболее высокими значениями прочности, относятся диориты [3].

Производству наблюдений предшествует аналитический этап, который заключается в анализе изученных методов наблюдений и выборе наиболее подходящего для конкретного случая. Для участка карьера был выбран створный метод наблюдений, а для хвостохранилища – полигонометрический.

Для определения вертикальных и горизонтальных перемещений поверхностных и внутренних зон ограждающих сооружений и основания устанавливаются специальные устройства – марки и реперы. На поверхности гребней дамб секций хвостохранилища предусмотрена установка постоянных марок в количестве 11 штук.

В работе использован электронный тахеометр Leica TC-407 (ошибка угловых измерений тахеометра составляет 7"; ошибка линейных измерений – 4 мм), при этом наблюдения

выполнялись с допустимыми погрешностями измерений, регламентируемыми СН РК [4]. В табл. 1 представлены допустимые погрешности определения деформаций на горнотехнических объектах.

Таблица 1

Допустимые погрешности определения деформаций

Объект наблюдения	Вид деформации	Допустимая погрешность, мм
Хвостохранилище	Сдвиги	5
	Осадки	7
Карьер	Сдвиги	4
	Осадки	5

По результатам полевых измерений определены превышения и горизонтальные проложения между смежными реперами. Наблюдения считаются удовлетворительными, если их точность соответствует следующим требованиям:

- при геометрическом нивелировании разность превышений из двух нивелировок не превышает 3 мм;
- при измерении длин непосредственно между реперами разность между двумя независимо измеренными и вычисленными горизонтальными проложениями не превышает 2 мм;
- при тригонометрическом нивелировании разность между двумя независимыми измерениями одного и того же превышения и горизонтального проложения не должна превышать 5-8 мм в зависимости от длины интервала и угла наклона: при длинах до 10 м – 5 мм, при длинах до 30 м и более – 8 мм.

На рис. 3 представлена диаграмма изменения значений высотных отметок наблюдаемых марок хвостохранилища за период 2015-2017 гг.



Рисунок 3 – Результаты изменения высотных отметок наблюдаемых марок хвостохранилища за период 2015-2017 гг.

Важно отметить, что резко отличающихся результатов измерений по осадкам не наблюдалось. В целом высотные отметки колеблются в пределах допуска.

На рис. 4 представлен наблюдательный створ № 5, где J-1 – точка стояния, J-2 – визир. Несмотря на проводимые взрывные работы, репера почти не подвергались деформациям, что

говорит о высокой степени устойчивости бортов и стабильном положении твердой скальной породы.




Рисунок 4 – Наблюдательный створ № 5 карьера

Средние величины смещений и осадок составили около 3 мм (рис. 5), что не превышает установленных допусков.

Одной из основных задач при рассмотрении вопроса безопасного ведения работ на карьере и хвостохранилище является определение прогнозных величин деформационных процессов для выбора мер охраны сооружений. Эта задача может быть решена с довольно высокой точностью лишь в том случае, если будут учтены все влияющие факторы, а также их совместное действие [5].




Рисунок 5 – Результаты изменения высотных отметок рабочих реперов карьера створа № 5 за период 2015-2017 гг.

На основании анализа результатов маркшейдерско-геодезического контроля можно сделать вывод, что все реперы створов в большей или меньшей степени испытывают колебания (1-5 мм). Такое поведение реперов можно обосновать тем, что горный массив постоянно находится в разработке, ведется ежедневная отработка забоев, систематически проводятся буровзрывные работы. Многократная подработка вызывает уменьшение сцепления горных пород по контактам, что приводит к проявлению деформаций по этим контактам и неравномерному распределению деформаций в мульде сдвижения [6].

Также можно отметить, что плановые деформации по значениям в большинстве случаев превышают значения высотных деформаций. В результате проведенного маркшейдерско-геодезического контроля подготовлен материал для дальнейшего использования при расчете и составлении прогноза осадок и смещений – ответственного этапа в работе маркшейдерской службы и всего предприятия в целом.

Список литературы

1. Методические указания по наблюдениям за деформациями бортов, откосов уступов и отвалов на карьерах и разработке мероприятий по обеспечению их устойчивости / Согласованы приказом Комитета по государственному контролю за чрезвычайными ситуациями и промышленной безопасностью Республики Казахстан от 22 сентября 2008 года № 39.
2. Проект ТерраСу «Хвостохранилище золотоизвлекательной фабрики Секисовского золоторудного месторождения»: Поясн. записка. – Т. 1. – 2007.

3. Изучение и прогноз инженерно-геологических условий месторождения Секисовское (научно-методическое руководство): Отчет / Министерство геологии СССР; Всесоюзный научно-исследовательский институт гидрогеологии и инженерной геологии (ВСЕГИНГЕО). – п. Зеленый Московская область, 1984.
4. СН РК 1.03-03-2018. Геодезические работы в строительстве. – Введ. 2018-04-20. – А.: Изд-во стандартов, 2018.
5. Рахымбердина М.Е., Токтарбаева М.К., Касымов Д.К. Изучение деформаций хвостохранилища и карьера месторождения «Секисовское» по результатам маркшейдерско-геодезического контроля и характеру геологических условий // Интерэкспо ГЕО-Сибирь-2019: сб. материалов XV Междунар. науч. конгр. «ГЕО-Сибирь-2019», 24-26 апр. 2019 г., Новосибирск. – Новосибирск: СГГА, 2019. – Т. 6, ч. 2. – С. 182-187.
6. Шагалов С.Е., Муллер Р.А., Марков В.В. и др. Защита и подработка зданий и сооружений. – М.: Недра, 1974. – 188 с.

Получено 07.02.2020

ӨӨЖ 769:911.3

К.Т. Сапаров¹, А.М. Сергеева², Ә.Ғ. Көшім³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

ЭТНОМӘДЕНИ ТУРИЗМ НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІН ТАЛДАУ

Қазіргі дағдырыс жағдайында ішкі туризмнің дамуы өзекті болып саналады. Келешекте ішкі нарықта аймақтарда туристік қызметті дамытуда этнографиялық туризмнің болашағы бар және сұранысқа ие болады. Мақалада кейбір шетелдердің табиғи, тарихи, мәдени және діни ерекшеліктері және тәжірибесі қарастырылған.

В современных условиях кризиса развитие внутреннего туризма очень актуально. Дальнейшее продвижение этнографического туризма может быть перспективным и востребованным направлением на внутреннем рынке туристских услуг регионов. В статье авторы рассматривают особенности природы, истории, культуры и религии некоторых стран мира.

In modern conditions of crisis, the development of domestic tourism is very important. Further promotion of ethnographic tourism can be a promising and sought-after destination in the domestic market of tourist services of the regions. In the article, the authors consider the features of nature, history, culture and religion in some countries of the world.

Кілт сөздер: этномәдени туризм, этномәдени-туристік әлеует.

Отандық этномәдени туризмнің толық мәнді нарығының қалыптасуының қарама-қайшылығын көрсететін, қазіргі кезеңде оның әрі қарай дамытылуы үшін үлкен мәнге ресурстық базасының бай болуы мен көп түрлілігі ие болуда. Осы орындарға келуге түрткі болатын этномәдени ерекшелік – белгілі бір нысан құндылығының өлшемі де, сонымен қатар этномәдени туризмді дамытудың тиісті шарты да болып табылады. Бұл ретте этномәдени туризм ресурстарының құрылымы, оның жіктелуі мен талдануы түрлі кеңістіктік деңгейлерде – жаһандық, макроөңірлік және ұлттық шамалардан аудандық, тіпті жергілікті мөлшерлерге дейінгі көлемдерде жүзеге асады [1]. Этномәдени мәселелердің барлығын бірдей этномәдени туристік ресурстармен байланыстыруға болмайды. Сондықтан олардың санының шектеулілігі мен сапалық тұрғыдан жіктеу қажет.

Этномәдени-туристік әлеует дегеніміз – бұл белгілі бір аумақтағы, қазіргі кезең мен таяу болашақтағы ұйымдастырылған және өзіндік ерекше сипаттағы этномәдени туризм үшін белгілі бір деңгейдегі маңызы бар этнографиялық, әлеуметтік-мәдени, тарихи-мәдени, табиғи-экологиялық және экономикалық мәндегі нысандар мен құбылыстардың түрлі категорияларының жиынтығы. Бұл жағдайда этномәдени саланың барлық ерекшелігінің қолданылу мақсатынан тәуелсіз анықталатын барынша толық түрдегі тізімдері қарастырылған жөн (1-кесте).

Этникалық туризмнің басқару нысаны ретінде ерекшеліктері

№	Этникалық туризм ерекшеліктері	Сипаттама
1	Этникалық туризм құрамындағы өзіндік элементтер	Этникалық туризм жергілікті халықтың мәдениеті мен табиғи аумағына тәуелді. Этникалық туризм саласын дамыту үшін өңірдің қоршаған ортасын қорғау керек, себебі сапалы этнотуристік өнім тек табиғаттан алынады.
2	Аймақаралық сипаты	Этникалық туризмнің басқару нысаны ретінде ерекшелігі оның аймақаралық сипатта болуы, туризм сферасындағы өңірлермен ынтымақтастықтың өзара тиімділігі. Өйткені этностың тарихи қалыптасқан ареалы көбінесе ауытқып отырады.
3	Критерийінің өзгермеуі	Этникалық туризмде шынайы критерийі қызмет көрсету саласына байланысты өзгеріп тұрады.
4	Маусымдық факторға байланысы	Туристік қызмет көрсету саласы маусымға, оның ішінде табиғи-климаттық жағдайға байланысты. Этникалық туризмнің маусымдық ауытқуларға тәуелділігі төмен.

Дамыған елдердің көпшілігінде заңмен немесе жер иелерінің қойған шектеулерін ескермеген жағдайларда болмаса, негізінен көптеген кез келген нысандар жаппай баруға қол жетімді болып саналады. Мәселен, Финляндияда меншіктің жеке формасының болуына қарамастан туристер мен экскурсанттардың орман және дала алқаптарына, көлдер мен теңіз жағалауларына серуендеуге, саңырауқұлақтар мен жидектер жинауға жағдайлардың басым бөлігінде рұқсат берілген. Этномәдени туризмдегі тікелей немесе ішінара әрекет етуші (болмаса әрекет етуі мүмкін болатын) ерекшеліктер материалды (нысандар) және материалды емес (рухани сала) деп бөлінеді [2].

Этномәдени туризмге тікелей қатысы бар нысандарға этнографиялық ауылдар мен саябақтар, этнографиялық, өлкетанулық, архитектуралық мұражайларды, тарихи-мәдени және табиғи қорықтар, ауылдық елді мекендер, қала аудандары және жекеленген құрылыстар мен ғимараттар кіреді. Этномәдени туризм нысаны ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) барлық категориялары жатады. Алғаш пайда болған уақыттарынан бастап ұлттық саябақтар АҚШ-та сақталып қалған табиғи құндылықтарға, ал Батыс Европада – мәдени құндылықтарға халықтың қол жетімділігін қамтамасыз етуге тиіс болды, себебі, бұлар ЕҚТА формаларының бір түрі болады. Бұл ретте әлемдегі ең тұңғыш – Йеллоустон және Йосемит ұлттық саябақтарының пайда болуының басты себептері – эстетикалық тұрғыдан ең құнды табиғи ландшафттарды көпшілікке көрсету. Осы табиғи әсемдікті тамашалау мүмкіндігі – территорияларды әлемге танымал табиғи қорғалған нысандар ретіндегі талаптарға сай пайдаланудың сипатын анықтап берген болатын [3, 4].

Ұлттық саябақтар туралы ережеге сай байырғы халық мекендейтін аудандар аумақтарында дирекциямен келісе отырып дәстүрлі экстенсивті табиғат пайдалану аймақтары қарастырылған. Бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде дәстүрлі халық шаруашылығы кәсіптерін, майдагер және халық кәсіпшіліктері және осылармен байланысты табиғатты пайдалану түрлерін өрістетуге рұқсат етіледі. Ресей заңнамасына сәйкес байырғы халықтар категориясына өздерінің жергілікті жерлерінде дәстүрлі немесе оған жақын өмір салтын кешетін, оның ішінде бұғы өсіру, аңшылық, терімшілікпен айналысатын аборигендер тобы жатады [5].

Қорықтар (шетелдерде реттелетін табиғи резерваттар деп аталады) қорғалатын табиғи аумақтар иерархиясында ерекше орын алады. Табиғат қорғау, ғылыми және экологиялық-ағартушылық мәндердегі нысандар ретінде табиғи ортаның ерекше үлгілері, флора мен фаунаының генетикалық қорларының сақталып қалған аймақтарымен қатар типтік және ерекшелікті ландшафттар да қарастырылады. Қазіргі таңдағы қорықтар қызметтерінің мақсаттарының бірі айқын мәндегі этномәдени аспектілерге ие болуда. Оның ішінде туризмнің этномәдени бағытын дамытуда Башқұрт, Волга-Кама, Вишер секілді қорықтар үлкен әлеуеттерге ие. Дегенмен шетелдік Еуропаның көптеген елдерінде аталмыш бағыт тек соңғы онжылдықтарда ғана қарқынды дами бастады.

Еліміздегі этномәдени туризмді болашақтағы дамытуда ерекше орнын этномәдени тақырыптық бақтар алуы тиіс. Шетелдерде, ең алдымен АҚШ, Канада мен Жапонияда, Батыс Европалық елдердің бірқатарында, сондай-ақ Азияның көптеген қарқынды дамыған елдерінде мұндай іс-шаралар көңіл көтеруді таныммен ұштастыратын бос уақытты тиімді өткізудің түріне айналған. Барлық аталған аймақтар мен елдерде соңғы онжылдықтар барысында тақырыптық бақтар тарихи-мәдени көрнекіліктерге бай экскурсиялық-танымдық туризмнің классикалық үлгілерімен тұрақты бәсекеге түсуде. Бұл мәселе әсіресе халықтың басым бөлігі өздерінің дүниетанымы бойынша бірқатар кейін қалған АҚШ пен азиялық елдер үшін өзекті сипатта. Қазіргі таңда әлемде бірнеше мың тақырыптық бақтар бар. Тақырыптық бақтарды оларды этномәдени өзіндік ерекшеліктерін көрсетуіне байланысты: 1) белгілі бір ауданда немесе шектелген аймақта; 2) тұтас ел көлемінде, мәселен Джакартада; 3) жекеленген халық мысалында (румьндық тұрғын-жайлар типтері және т.б.) орналасқандығына байланысты көптеген түрге жіктеуге болады [6].

Туристік ресурстар туристердің қажеттіліктері мен сұраныстарын кешенді және жеке түрінде қанағаттандыруға болады. Европа елдерінің тәжірибесінде бекітілген тәртіптегі шектеулер болмаған жағдайларда бұл ресурстар танысу үшін қол жетімді сипатта және оларды меншік формаларына қарамастан пайдалануға болады. Ормандар, су нысандары орналасқан жерлерге деген жеке меншік формасы болғанның өзінде оларға туристердің қыдыру, санырауқұлақтар мен жидектер теруге баруына рұқсат етіледі. Рекреациялық ресурстардың саны шектеулі және сапалық тұрғыдан жіктелген, демек, олардың экономикалық игіліктік сипаты болғандықтан, бұларды өндіру үшін керекті белгілі бір шығындарды қажет етеді. Оның үстіне бұл экономикалық пайдалану нәтижелеріндегі айырмашылықтарға әкелуі де ықтимал. Отандық этнотуризм сатылап дамыған сайын этномәдени-туристік ресурстарды кадастрлық бағалау теориясын тез арада әзірлеу қажет. Бұл этномәдени ресурстарды туристік салада қолданудың мүмкіндігін барынша толық сипаттауға ғана емес, олардың коммерциялық аспектілерін, оның ішінде экономикалық тиімділігін, тәуекелдерін, атқарылған іс-шаралардың экономикалық пайдаларын тиісті деңгейде бағалауға болады. Туристік саланың мүдделері үшін қысқа және ұзақ мерзімдік болашақ бағдарын бағалай алуды жүзеге асыру қажет. Этномәдени туристік нысандарды қарқынды басқару үшін туристік әлеуетті үштен бес жылға дейінгі мерзім аралығында бағалаған жөн.

Экономикалық көрсеткіштерге негізделген баллдық бағалау этномәдени туризмге қатысты белгілі бір нысанның құндылығын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ретте нақты бір нысанның тарихи, мәдени немесе эстетикалық тұрғыдағы құндылығы таласқа түспеуі керек. «Кадастрлық бағалау» терминін қолдану бұл ретте зерттелетін аумақтың ең болмағанда бұрынғы этномәдени тартымдылығы мен қалпына келтіру қабілеттілігін сақтау мүмкіндігін сақтап қалатын шамасын қарастырады. Бұл ретте қабылдайтын аумаққа туристік процестің нысандары мен субъектілері бұрынғы туристік тартымдылығын белгілі бір деңгейде сақтап қалатын, тарихи, эстетикалық құндылықтарының аз ғана бөліктерін де жоғалтпайтын шамасын нақтылаған жөн. Мәселен, туристердің жаппай ағымдарының ықпалымен белгілі бір топтың ән айту этномәдени мұрасы кең көлемдегі туристер аудиториясы үшін одан да танымал және тартымды бола түспек, алайда ол бұл ретте бастапқы табиғи сипатынан айырылып қалуы да мүмкін. Этномәдени туризмнің осы бір түріне байланысты туристік дестинациялар мен өзге де факторлардың ерекшеліктерін арнайы коэффициенттермен түзетуге және толықтыруға болады. Мұнда туристік көрсеткіштердің нысандары мен туристік іс-әрекет субъектілеріне – осы бір этномәдени турлар мен бағдарламаларға қатынасатын сол жердің тұрғындарына тиесілі болатын мүмкіндіктегі жүктеме шамаларын ажырата білу де қажет.

Дестинацияны қабылдаушылардың материалдық базасына (мұражайлар қоры, этномәдени ауылдар мен саябақтар, дәстүрлі қоныстар мен мекен-жайлар) тікелей ықпал етудің шамасы қабылдаушы территориялар бірлігіне шаққандағы уақыт бірлігіне сай келетін келушілер санымен өлшенеді. Барлық этномәдени кешеннің жекеленген мүшелерінің емес, оның жергілікті қауымдастық мүшелерінің барлық жиынтығының өндіріс мүмкіндіктерін сипаттау үшін, бұған дейін келтірілген көрсеткіштерді сол жердегі тұрақты, байырғы халықтың санымен сәйкестендіре салыстырған жөн. Бұл жағдайларда ең жоғарғы шектегі жүктемені белгілі бір аумақтағы орналасқан туристердің уақыт бірлігіне шаққандағы аудан бірлігіне қатысты үлес салмағымен өлшеумен шектеліп қалуға болмайды. Түрлі этникалық мәдениеттердің қандай да бір болмасын

аумақтық вариацияларының тұрақтылығы туралы мәселелер этномәдени туризмді ұйымдастырушылар, оның ішінде жергілікті қауымдастықтар үшін ерекше маңызға ие.

Байырғы этномәдени ерекшелікті жоғалту жергілікті қауымдастық, оның ішінде билік құрылымдары мен кәсіпкерлер үшін мамандық саласы мен өзіндік ерекшеліктеріне қатысты аса ауыр салмақ болып табылады, ал этномәдени туризмді аймақтық масштабтардағы кәсіби ұйымдастырушылар үшін ол өте қолайсыз. Этномәдени туризмнің практикалық мақсаттары үшін белгілі бір дестинацияны көріп-тамашалаудың тек табиғи-рекреациялық, шаруашылық қана емес, арнаулы әлеуметтік-мәдени және этномәдени шектеулері де қажет. Бұл ретте әлеуметтік сыйымдылық категориясы қолданылады, ол олардың ыдырауына мүмкіндік бермейді, әлеуметтік жүйе қайтадан өсуге деген қабілеттілігін сақтап қалады, әлеуметтік қатынастардың тозуы байқалмайды, белгілі бір мәдени элементтер жоғалып, ауыстырылмайды. Мәселен, африкандық немесе үндіс тайпаларының этникалық билерінің дәстүрлі қимылдарының музыкалық аспаптар сүйемелденуімен орындалуы осы тайпалардың қазіргі өмір салтына сай келе бермейді, дегенмен, бұл олардың өмірінің әдет-ғұрыптық элементтерінен мүлдем бас тартпайды. Масаи тайпалары африкандық экзотика мен жоралғылық мистиканы ұнататындар үшін терең әдет-ғұрыптық мағынасы бар билерді меңгерген [7].

Туристер ықпалымен ұлттық рух пен жергілікті тұрғындардың дәстүрлі ұстанымдарының өзгеру мәселесі мүлдем басқа жайт. Туризм деңгейлері қарқынды дамып жатқан дамушы елдердің біркатар бөлігі табыстарының айтарлықтай ұлғайтумен бірге үлкен отбасылардың ішкі байланыстарының ыдырауына немесе әлсіреуіне, ұрпақтар арасындағы қайшылықтардың, көршілер татулығының сенімсіздіктерін арттырады. Мәселен, Комор аралдарының халқының бір бөлігінің әлеуетінің артуы олардың бұрын-соңды болмаған құбылыс – үлкен дуалдары бар үйлер тұрғызуына әкелуде. Сонымен қатар, ерекше көңілді табиғи-мәдени ландшафттардың экологиялық ахуалына аударып, олардағы қазіргі кездегі дәстүрлі технологиялар мен техникалардың қоршаған ортаны қорғаудың заманауи ұстанымдарына сай келуін дұрыс бағалай білген жөн.

Туризмнің аталмыш түрінің сан түрлі категориялары мен нысандарын тиімді түрде жинақтауды туристік қызмет субъектілерінің этномәдени саланың барлық аспектілерін бағалаусыз жүзеге асыру мүмкін емес. Мәдени аудандастыру жекеленген макро- және субаймақтардың этномәдени және әлеуметтік-мәдени параметрлер бойынша мәдениеттерінің салыстырмалы ұқсастықтарына негізделеді. Аймақтану процесі (аймақтық интеграция) болашақта этномәдени туризм ағындарының сипатына, динамикасы мен құрылымына тигізетін ықпалдарын арттыра түсе беретін болады. Мұның шынайы дәлелі ретінде Европаның бірігуін айтуға болады. Ол халқының саны жарты миллиардтан асатын бұл аймақтың елдерінің әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өмірінің барлық салаларын қамтыды. Оңтүстік Американың тығыз интеграциялануы, оның ішінде МЕРКОСУР аймақтық топталуы, латын американдықтардың осы өңірдің көрші елдеріне баруға деген қызығушылықтарын тудырды.

Аудандастырудың қандай да бір өзге түріндегі, этномәдени аудандастыруда этномәдени шектердің нақтылануы көп ретте шартты түрдегі сипатта ғана. Бұл ортақ табиғатты пайдалану және әлеуметтік-мәдени және этникалық процестері бар екі немесе одан да көп мемлекеттердің кең ауқымды шектес аумақтарын қамтитын этномәдени трансшекаралық аудандарды бөліп қарастыру үшін негіз болады. Этномәдени аудандастырудың таксономиялық бірліктері ретінде мәдени аудандастыруы макроөңірлер, облыстар, аудандар мен ұсақ елді мекендер ұсынылады. Онан да ірі тарихи-этникалық аудандастырудың тұжырымдамалары ішінде ЮНЕСКО ұсынған нұсқаны атап көрсеткен жөн. БҰҰ аталмыш бөлімшесі жер шарын жеті мәдени-тарихи аймаққа: европалық, үнді, араб-мұсылман, қиыршығыстық, солтүстікамерикандық, латынамерикандық және тропикалық-африкалық деп бөледі.

